



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иса Сымбат Сейдалықызы

Symbat.anarbaeva.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика
және өзін-өзі тану кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: – Асылбекова М.П.

«Табиғатта жерден жұлынып алып, құнарсыз құмға тастаған өсімдіктердің өмір сүруі мүмкін емес екені сияқты, адамның да қоғамнан тыс болуы мүмкін емес»

А.Н. Толстой

Қазіргі уақытта түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты және басқа да себептердің салдарынан әлеуметтік жетім балалар саны күн өткен сайын артуда. Осыған орай жетімдер мәселесі және оларға білім беру мен тәрбиелеу, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету тек қана психология саласында ғана емес педагогика және әлеуметтік педагогика, тағы да басқа ғылымдардың саласында да өзекті мәселе болып отыр. Осындай жағдайдағы жетім балалар психологтар мен педагогтардың, әлеуметтік педагогтар мен дәрігерлердің зерттеу нысанына айналып отыр.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті алаңдатуда. Түрлі жағдайларға байланысты ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігінен тыс қалған балалардың барлығында өзіндік бір себептер бар. Осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясында балалар үйінде тәрбиелініп жатқан әрбір жетім баланың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие екендігі көрсетілген. Жетім балалар тәрбиесіне осы кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да аса көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің басты талабы болып тұр.

Балалар үйінде тәрбиеленген әр баланың жеке тұлғасының психологиялық дамуының, әлеуметтік қалыптасуының өзіндік бір ерекшелігі бар. Оның іс-әрекеті толығымен тәртіпке салынып, қадағаланып отыратыны сөзсіз. Ал бұл бала дамуында артта қалушылықтың, масылдықтың, ұйысдастырушылық қабілетінің төмендеуіне алып келеді.

Біздің мақсатымыз бала жанын түсіну, сезімін, көңіл күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін сезіну, жетім баланың өзіндік тұлғасын қалыптастыру және дамытуда оны әлеуметтік тұрғыдан қолдау. Бүгінгі таңдағы жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы оның “өмір жолы” контекстіне байланысты (С.Л. Рубинштейн), мұнда “жеке тұлғаның белгілі қоғамда дамуы мен қалыптасуы, адамның заманына сай және нақты құрдастар болуында бірлескен іс-әрекетте дамуы” тарихы анықталады. Б.Г. Ананьева бойынша өмір жолы нақты сатылардан тұрады, қарым-қатынас жүйесінде «Өмір жолының кезеңдері онтогенездің жас ерекшелік сатыларында қаланады [1].

Жеке тұлғаның «индивидтің әлеуметтенуі» процесі мен, толық отбасындағы әлеуметтік жағдайы, қоршаған ортасы, елдегі, аймақтағы экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдайлар, өз ұлтының ұлттық дәстүрлері, этносоциомәдениеті жатады. Бұлар барлығы – тұлғаның дамуындағы макроситуация. Л.С. Выготскийдің анықтауы бойынша, өмір жолының әрбір сатысында адам мен оны қоршаған өмірде белгілі бір әлеуметтік жағдаяттар қалыптасады [2]. Ол дамудың әлеуметтік жағдаяты (ахуалы) «бала жаңа тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру кезінде нақты өзіне жол таңдап, дамудың негізгі көзі» болады деп көрсеткен.

Дамудың әлеуметтік жағдайы бірлескен іс-әрекет түрлері мен типтерін біріктіреді. Бұл жағдайды адамның өзі өзгерте алады. А.Н. Леонтьев пікірінше, оның қоршаған ортадағы өз орнын өзгертуге мүмкіндігі бар [3].

А.В. Петровский бойынша, дамудың әлеуметтік жағдайы немесе жалпы ортасы тұрақты немесе өзгермелі болады [4]. Адамның осы қауым өміріне әлеуметтік ағза ретінде енуі үш сатыдан тұрады:

- 1) осы қауымда қалыптасқан іс-әрекеті, өлшемдерге бейімделу;
- 2) «жеке тұлғаның қажеттілігін» толық қанағаттандыруы;
- 3) осы қауымда жеке тұлғаның бірлескен іс-әрекеттегі орны.

Әлеуметтену- адамның әлеуметтік нормалары мен мәдениқұндылықтарын игеру процесі мен нәтижесі. Біздің мақсатымыз – жетім балаларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек көрсетуші емес, проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, руханижан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру болады. Бұл үрдістер тәрбиелеу, білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Әлеуметтену үрдісінде екі мәселе шешіледі.

Әлеуметтік адаптация (бейімделу)-жеке адамның ортаға бейімделуі, барлығымен бірге болу. Балаға барлық бағытта көмектесу. Баланың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыруға, оны әлеуметтік өмірге араластыруға және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған.

Әлеуметтік автономизация (оқшаулану) -ортамен бірге бола отырып, өзімен-өзі болу, іс әрекеті мен қарым-қатынастарында табанды болмай, тұлғаның өзін бағалай білмеуі.

Егер индивидтену «жеке тұлғаның өзін-өзі тану әдіс-тәсілдерін ізденуімен басталып, бейімделудің бағыты мен нәтижесінің қарама қайшылығын жойса («қауымдағылар тәріздес»), онда бірлескен іс-әрекет «алдыңғы сатыдағы субъектінің қауымда өзінің ерекшеліктері мен қабілеттері арқылы айырмашылығын көрсететін себеп-салдар және қоғам қажеттіліктерін қабылдап, мақұлдап және өзінің ерекшеліктерін айқындап, өзара іс-әрекетте жетістікке жету үшін жақсы көрінетін құндылықтарға сай келеді және т.б.». Бірлескен іс-әрекет «оның өмірінде жасалатын нақты дамудың әлеуметтік жағдайлары» (А.Г. Асмалов), жеке тұлғаның кез-келген әлеуметтік жағдайларда дамуының негізгі шарттарының бірі болады [5].

Бейімделу, даралық, бірлескен іс-әрекет (А.В. Петровский бойынша) адам мен қауымнаң өзара қарым-қатынас механизмі, оның жеке дара дамуы мен әлеуметтенуі және осы қарым-қатынас кезінде пайда болған қарама-қайшылық процесін шеше алады. Адамның жеке тұлға ретінде дамуына оның өзін-өзі тануы, “Мен” бейнесінің (“Мен” – тұжырымдама, “Мен” – жүйесі) қалыптасып, қажеттік-түрткілер аймағының өзгеруі, жекедаралық рефлексия дамумен, өзін-өзі бағалауы әсер етеді.

Қарым-қатынастың бірлескен іс-әрекетті жүйелендірудегі қоғамға пайдасы жан-жақты дамыған жаңа тұлғаны қалыптастырады, мұнда оның бойында басқа адамдарға, қоғамға жағымды іс-әрекет ету қасиеттері жетіледі. Адамның физиологиялық өсу процесінде болатын "мен" деген тұжырымы қоғам үшін негізгі, әлеуметтік іс-әрекетті жасөспірім бойына қалыптастырады, үлкендер әлеміне ену және өзін қоғамда көрсете алу, өз "менін" көрсету, т.б. Әлеуметтік жағынан дамыған елдің алдында тұрған міндеттердің бірі - өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін және қоғамда өзін-өзі ұстауын тәрбиелеу. Қоғамға жағымды іс-әрекет пен жоғары дәрежедегі қатынасқа түсудің өзара байланысы жасөспірімде қоғамда өзі үшін еңбек ету немесе жағымды іс-әрекет жасау қажеттілігін шынайы түрде қалыптастырады. Бұл жай ғана жасөспірімді тәрбиелеу емес, сонымен қатар, жаңа қажеттіліктер жүйесін қалыптастыру шарттарын, жолдарын, өзін-өзі көрсету формаларын жасап көрсету. Қарым-қатынас - бұл бірлескен іс-әрекет қажеттілігінен туындаған адамдар арасында байланысты дамытудың көп қырлы процесі.

Сонымен қатар бірлескен іс-әрекеттегі жест арқылы адамның көңіл күйін біле аламыз. Әр эмоция адамның барлық мүшесіне әсер етеді. Мысалы қуаныш көңіл-күйдің көтерілуі қозғалыстың тез болуы, сабырсыз, ырғақты болып келеді. Қарым-қатынастағы дағдарыс

кезінде керсінше қозғалыс баяу- сенімсіздікті, бүк түскен қозғалыссыз кезін айтамыз. Бұлшық етте үрей- тез жиырылып және тез таралатын, бұл кезде қысқа уақыт ішінде қимылдар қолды айқастыру, жұдырықты түйіп ашу, аяқпен тықыршынауы, бетті сипау, шашты, қасты ұстау арқылы бетті жабу. Ашудың келуі-демді ұстаумен, ауызды жабумен көрінеді. Бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынаста ұрсысудың алдын-ала бастамасы болады. Сонымен қатар басты артқа алуы, шегіншектеу белгілі бір заттан, жұмыстан бөлектену және осылай қарсылығын білдіреді. Бұл жестті екі адамның сөйлесуінде жиі көруге болады. Егер соның біреуі артқа шегісе, ол жайсыз бірдеңе естуі мүмкін. Адамның өзін-өзі ұстауы жиі болмайды. Шынайы сезімнің қарсыласуында өжеттілікті ортақ жайсыздығынан-ақ көруге болады. Егер бет әлпеті спецификалық эмоциядан хабар беретін болса, жест пен тұрыс сезімді көрсетеді. Эмоцияның интендивтілігін қолдың қойсынан-ақ білуге болады. Қолдың жоғары көтерілуі психологтар дәлелдегендей ол эмоцияның жоғары болуы. Мысалы, жұдырықтың белде, кеуде тұсы, бас жақта көрінсе, қауіптің түрлі екенін көрсетеді. Қолмен бетті ұстауы- бірдеңеге қауіптеніп тұрғанын, ал қолмен басты ұстау- уайым мен қайғыны білдіреді. Егер адам бірдеңеден шошынса, қолмен қорғанғысы келеді, үрей қатты болса бетпен басты жабуға тырысады. Қатты қуаныш кезінде қолды бастан асырып сермейді.

Бұған дәлел ретінде біз этнопсихология пәні туралы талас-тартысты айтсақ болады. Бұл көптеген этнографтар, психологтар, тарихшылар, мәдениеттанушылардың үлес қосуы арқылы, белгілі бір (этностың) ұлыстың шеңберінде өмір сүретін адамдардың психологияларын салыстыру, оларды психологиялық қыры жағынан, яғни "ұлттық мінез" түсінігін анықтау, белгілеу мәселелері төңірегінде қарастырған жөн. Әрбір ұлттық психология саласын: сезім, бір нәрсені уайымдау, дәстүр, әдет-ғұрып, талғам және тағы басқасы анықтайды. Сонымен қатар осы аталғандардан халықтың тұрмыс салтын, ұлттық тарихын, халықаралық байланыстарын және қатынастарын байқауға, айқындауға болады деген тұжырымдама жасауға болады.

Жетім балаларды әлеуметтік өзгерістерге бейімдеу, олардың қажеттіліктерінің негізінде жоспарланып, мынадай негізгі бөлімдерден құралады.

- Дәстүрлі мектепшілік іс-шараларға, ұжымдық шығармашылық істерге, жалпы мектептік мерекелерге қатыстыру;

- сынып ұжымының қызығушылықтарына және сұраныстарына сәйкес өткізілетін іс-шараларға қатыстыру;

- оқушылармен даралап жұмыс жүргізу.

Жетім балалармен жеке жұмыстың мәні- оның тұлғасын әлеуметтендіру, оның өзінің жетілу мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажетсінуін тәрбиелеу. Мұндай жұмыс біздерден сезімталдықты, кішіпейілдікті, қайырымдылықты, ілтипаттылықты, қамқорлықты қажет етеді.

Ол үшін мынадай жағдайларды ескеру керек:

- Бала жанын жақсы түсіну, яғни оның сезімін, көңіл күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін сезіну;
- Баланың таңдау еркіндігін қолдау. Сенің көзқарасыңа сай келмейтін болса да баланың шешімін сыйлау қажет;
- жетім балалардың тұлғасын қалыптастыру және дамытуда оны әлеуметтік тұрғыда қолдау. Жетім баланың дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін жағдай туғызу;
- Мақсатты әлеуметтік қолдау көрсету.

Әлеуметтік-психологиялық қызмет дұрыс жолға қойылса, жетім баланың ортаға бейімделуінің тұрақты мотивтерінің қалыптасуына әлеуметтік зерттеудің нәтиже беретінін дәлелдейді.

Әлеуметтік педагог жұмысының маңызды бағыттарының бірі-белгілі шарттарға негізделіп, жетім балалардың әлеуметтік жағдайын талдап, бағалау болып табылады. Оны дұрыс ұйымдастырған жағдайда жетім балалардың өзін-өзі тануына, тәрбиеленуіне тиімді ықпал етеді. Осы бағытта жетім балаларды шыршаға қатыстыру, түрлі сайыстарға, жазғы

демалыс орындарына тарту және мүмкіндігі шектеулі балаларға «Бөбектерге қуаныш сыйлайық» атты акциялар ұйымдастыру сияқты жұмыстар атқарылады. Жетім балаларға үнемі жетістік ситуацияны жасау арқылы біз оған өзінің шығармашылық қабілеттік, даралық мүмкіндіктерін ашуға, өзін-өзі түсінуге көмектесеміз. Жұмыс барысымызда олардың кішкентай жетістіктерін көріп, айтып, оларды ұжымның шығармашылық істерінен шетте қалдырмауға тырысып, марапаттап, қолдап отыруымыз керек. Сонда ғана олар мұғалімнің, өзінен үлкен адамның өздеріне деген ізгі қатынастарына сенеді.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу-әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына қарай әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Жетім балалардың қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан ата-анасының жоқтығы болса, екінші жағынан әлеуметтік орта ой-пікірінің дұрыс қалыптаспағандығы, жетім баланың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді. Мысалы, жетім бала әлеуметтік ортаға барған кезде, толық отбасынан шыққан балалар кемсітуі мүмкін. Әлеуметтендірудің мәні адамның қоғамға бейімделіп, жекеленуі болып табылады. Ал тұлғаны әлеуметтендіру үшін тек қана қоғамға емес, ең бірінші әрбір адам белсенді роль атқаруы тиіс.

Бейімделу-бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға жетім баланы әлеуметтік ортаға енгізудің негізгі бір факторы ортаға енуі жетім баланы қабылдауға дайындау. Жетім баланы әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар десек, оның бірінші жолы жетім баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі-бір жақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену үрдісі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық үрдісінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек.

Ал екінші жолы жетім балаларды әлеуметтік ортаға енгізудің дайындығымен бірге, әлеуметтік ортаны жетім балаларды қабылдауға дайындау. Мемлекет даму жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Яғни, қандай жағдайда болмасын жетім балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу менің қызметтегі міндеттерімнің ең басты құндылығы деп білемін. Өйткені жетім балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытындағы іс-әрекеттерімді саралай келе, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе аламын:

— әрбір тұлғаға жан-жақты қолдау болған кезде ғана өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайтын болады;

— бала өзінің жақсы жақтарын танып, өз бойындағы адами құндылықтарын оң қалыпты дәрежеде қалыптастырады.

— өзін жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, басқаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады.

Жетім балаларды қоғамдық өмірге қатыстыру, жеке тұлғалық қасиетін дамыту және оны қоғамда толық мәнді өмір сүруге дайындауды тәрбиеге қойылатын талаптардың бірі ретінде қабылдап, қоғам болып бірге қызмет атқарайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ананьев Б.Г. Проблема формирования характера// Ананьев Б.Г. Избранные психол. труды. М.: Педагогика, 1980.
2. Выготский Л.С. Собр соч.: В6т. М., 1983. т.3.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975.
4. Перовский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы – А., Мектеп, 1987
5. Ахтаева Н.С., Әбдіғаппарова А.І. Әлеуметтік психология. - А.: Қазақ университеті, 2007.